

**Қостанай облысы Әуликөл ауданы Құсмұрын кентінің жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізудің қағидаларын және жергілікті қоғамдастық жиындарына қатысу үшін тұрғындар өкілдерінің сандық құрамын бекіту туралы**

### *Күшін жойған*

Қостанай облысы Әуликөл ауданы мәслихатының 2021 жылғы 26 қаңтардағы № 9 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2021 жылғы 29 қаңтарда № 9742 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Әуликөл ауданы мәслихатының 2023 жылғы 19 қыркүйектегі № 67 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Әуликөл ауданы мәслихатының 19.09.2023 № 67 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

Ескерту. Тақырып жаңа редакцияда - Қостанай облысы Әуликөл ауданы мәслихатының 09.02.2022 № 93 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 39-3-бабы 6-тармағына сәйкес Әуликөл аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Қоса беріліп отырған Қостанай облысы Әуликөл ауданы Құсмұрын кентінің жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізудің қағидалары осы шешімнің 1-қосымшасына сәйкес бекітілсін.

**Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - Қостанай облысы Әуликөл ауданы мәслихатының 09.02.2022 № 93 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

2. Қостанай облысы Әуликөл ауданы Құсмұрын кентінің жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін тұрғындар өкілдерінің сандық құрамы осы шешімнің 2-қосымшасына сәйкес бекітілсін.

**Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - Қостанай облысы Әуликөл ауданы мәслихатының 09.02.2022 № 93 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

3. Мәслихаттың "Қостанай облысы Әуликөл ауданы Құсмұрын кентінің жергілікті қоғамдастықтың жиынына қатысу үшін бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізу қағидаларын және ауыл тұрғындары өкілдерінің сандық құрамын бекіту туралы" 2014 жылғы 19 наурыздағы № 143 шешімінің (2014

жылғы 20 мамырда "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4657 болып тіркелген) күші жойылды деп танылсын.

4. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Кезектен тыс сессиясының төрағасы, аудандық мәслихаттың хатшысы*

*Д. Қойшыбаев*

Мәслихатының  
2021 жылғы 26 қаңтардағы  
№ 9 шешіміне  
1-қосымша

**Ескерту. 1-қосымшаның жоғарғы оң жақ бұрышына өзгеріс енгізілді - Қостанай облысы Әуликөл ауданы мәслихатының 09.02.2022 № 93 шешімімен ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

**Қостанай облысы Әуликөл ауданы Құсмұрын кентінің жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізудің қағидалары**

**Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - Қостанай облысы Әуликөл ауданы мәслихатының 09.02.2022 № 93 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

## **1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы Қостанай облысы Әуликөл ауданы Құсмұрын кентінің жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізудің қағидалары "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы " 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 39-3-бабы 6-тармағына, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 18 қазандағы № 1106 қаулысымен бекітілген, Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізудің үлгі қағидаларына сәйкес әзірленді және Әуликөл ауданы Құсмұрын кенті тұрғындарының жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізудің тәртібін белгілейді.

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) жергілікті қоғамдастық – шекараларында жергілікті өзін-өзі басқару жүзеге асырылатын, оның органдары құрылатын және жұмыс істейтін кент аумағында тұратын тұрғындардың (жергілікті қоғамдастық мүшелерінің) жиынтығы;

2) жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиыны – көше тұрғындарының (жергілікті қоғамдастық мүшелерінің) жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін өкілдерді сайлауға тікелей қатысуы.

## **2-тарау. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізудің тәртібі**

3. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынын өткізу үшін Құсмұрын кентінің аумағы учаскелерге (көшелерге) бөлінеді.

4. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарында жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін саны үш адамнан аспайтын өкілдер сайланады.

5. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынын Құсмұрын кентінің әкімі шақырады және ұйымдастырады.

6. Жергілікті қоғамдастықтың халқына жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарының шақырылу уақыты, орны және талқыланатын мәселелер туралы Құсмұрын кентінің әкімі бұқаралық ақпарат құралдары арқылы немесе өзге де тәсілдермен олар өткізілетін күнге дейін күнтізбелік он күннен кешіктірмей хабардар етіледі.

7. Көшелер шегінде бөлек жиынды өткізуді Құсмұрын кентінің әкімі ұйымдастырады.

Шағын аудан немесе көше шегінде көппәтерлі үйлер болған жағдайда, көппәтерлі үйдің бөлек жиындары өткізілмейді.

8. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынының ашылуы алдында тиісті көшенің қатысып отырған, оған қатысуға құқығы бар тұрғындарын тіркеу жүргізіледі.

Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиыны осы көшеде тұратын және оған қатысуға құқығы бар тұрғындардың (жергілікті қоғамдастық мүшелерінің) кемінде он пайызы қатысқан кезде өтті деп есептеледі.

9. Бөлек жиынды Құсмұрын кентінің әкімі немесе ол уәкілеттік берген тұлға ашады.

Құсмұрын кентінің әкімі немесе ол уәкілеттік берген тұлға бөлек жиынның төрағасы болып табылады.

Бөлек жиынның хаттамасын рәсімдеу үшін ашық дауыспен хатшы сайланады.

10. Жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін тұрғындар өкілдерінің кандидатураларын Әуликөл аудандық мәслихаты бекіткен сандық құрамға сәйкес бөлек жиынның қатысушылары ұсынады.

11. Дауыс беру ашық түрде әрбір кандидатура бойынша дербес жүргізіледі. Бөлек жиын қатысушыларының ең көп дауыстарына ие болған кандидаттар сайланған болып есептеледі.

12. Бөлек жиында хаттама жүргізіледі, оған төраға мен хатшы қол қояды және оны Құсмұрын кенті әкімінің аппаратына береді.

Ескерту. 2-қосымшаның жоғарғы оң жақ бұрышына өзгеріс енгізілді - Қостанай облысы Әуликөл ауданы мәслихатының 09.02.2022 № 93 шешімімен ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

**Қостанай облысы Әуликөл ауданы Құсмұрын кентінің жергілікті қоғамдастық жиындарына қатысу үшін көшелер тұрғындары өкілдерінің сандық құрамы**

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда - Қостанай облысы Әуликөл ауданы мәслихатының 09.02.2022 № 93 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

№	Құсмұрын кентінің көшелер атауы	Өкілдер саны (адам)
1	К. Маркс	3
2	Ленин	3
3	М. Горький	3
4	Суворов	3
5	Кутузов	3
6	Свиридов	3
7	Степная	3
8	Калинин	3
9	Серіков, Железнодорожный қиылысы, Садовый қиылысы	3
10	Кавкетаев, Валиханов, Омаров, Шахтерская	3
11	Спортивная	3
12	Киров қиылысы, Жамбыл, Комсомольская	1
13	Әскери қалашық, Орджонекидзе, Чапаев	2
14	Фурманов, Первая, Вторая	1
15	Абай	3
16	Пришкольная, Прорабская	2
17	Первомайская, Убаганский қиылысы, Больничный қиылысы	2
18	Деповская, Дзержинский, Баймағамбетов	1
19	Фрунзе қиылысы, Луговая, Путевая, ЗелҰная	1
20	Павлов қиылысы, Шевченко қиылысы, Матросов	1
21	Фадеев, Вагонная, Гастелло	2
22	Буденный, Гоголь, Дорожник	1
23	Закарьерная, Караганская, Панфилов,	1

24	Пушкин, Разведчиков, Сенная, Советская	1
25	Строительная, Чкалова, Щорс, Южная	1
	Всего	53

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК